



Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1994 жылғы 4 қазан N 1102. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995.12.19 N 1794 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі орталық аппаратының құрылымы қосымшаға сәйкес, осы аппарат қызметкерлерінің саны 72 адам шегінде бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігіне министрдің 4 орынбасарын, оның ішінде министрдің бір бірінші орынбасарын, сондай-ақ құрамында 15 адамы бар алқа ұстауға рұқсат етілсін. <*>

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілген - ҚРМК-нің
1995.02.06. N 115 қаулысымен.

3. Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігінің орталық аппараты үшін 5 жеңіл қызмет автомобиль лимиті белгіленсін.

<*>

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілген - ҚРМК-нің
1995.02.06. N 115 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1994 жылғы 4 қазандағы
N 1102 қаулысына
Қосымша

<*>

Ескерту. Қосымша жана редакцияда берілген - ҚРМК-нің
1995.02.13. N 155 қаулысына сәйкес.

Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі
министрлігі орталық аппаратының
Құрылымы

Басшылық

Мұнай мен газ өндіру және өңдеу басқармасы (жетекші)

Экономикалық басқарма

Сыртқы экономикалық байланыстар басқармасы (жетекші)

Минералды-шикізат базасын дамыту бөлімі

Техника, ғылым және экология бөлімі

Бухгалтерия

Іс Басқармасы